



Қарағанды облыстық Н.В.Гоголь атындағы ғылыми -
әмбебап кітапханасы

Өлкетану бөлімі
«ОҒӘК өлкетану
ресурстары – жастарға»
сериясының 3 басылымы



Қарағанды облысы Ұлы Отан соғысында

Әдістемелік-библиографиялық материалдар



Қарағанды, 2005

Оқырманға

Адам баласы үшін соғыстан асқан кесепат жоқ. Соғыс дегеніміз қайғы-қасірет, қантөгіс, өлім-жетім. Соғыс дегеніміз күн сайын туған-туыстан, жақын-жорадан, қарулас досыңнан айырылу. Адамзат тарихы өзінің ауқымы мен ауыртпашылығы, барша жан дүниені жайрататын қару-жарақпен жабдықталуы, құрбан болғандардың саны жөнінен 1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысына тең келетін соғысты білген емес.

Қарағанды облысы майданға 45 мыңға жуық адам жіберді, 17 мыңнан астам адам соғыстан оралмады.

Кім еді сол соғыстан оралмаған жауынгер? Олардың көпшілігі ертең ірі ғалым немесе іскер инженер, даңғайыр диқан немесе атақты жұмысшы боп шығатын боздақтар еді ғой... Бірақ тағдыр жазбады. Олар барлық жан-тәндерімен өмір сүріп, еңбек еткілері, жар құшқылары келді. Олар бір-бір үйдің отағасы болмас па еді, бірақ көпшілігі махаббаттың әлдііне де бөлене алмады.

Олар сіздерді сүйіп еді, адамдар! Олар сіздерге деген сүйіспеншілігін паш ете отырып, бастарын өлімге тікті. Сіздер ешқашан ұмытпайды деп сенді олар. Оларды мәңгілік зерделеріңізде сақтаңыздар.

Ұлы Отан соғысының ең қиын кезеңі-1942 жылы Қарағандыдан ер азаматтармен бірге 50 қыз өз еріктерімен тіленіп майданға аттанды. Қарағандылықтар Москваны, Ленинградты, Сталинградты қорғады, Курск шайқасына қатысты. Украинаны, Молдавияны, Румынияны, Венгрияны азат етті.

Соғыс уақыты жағдайларында облыс еңбекшілері, «Барлығы майдан үшін!», «Барлығы жеңіс үшін!» деген ұранмен өмір сүріп, еңбек етті. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қарағанды көмір бассейні қорғаныс өнеркәсібін отынмен үздіксіз қамтамасыз етіп отырды. Майданға кеткендердің орнына олардың әйелдері, ана-қарындастары мен қыздары жұмыс істеді. Орталық Қазақстан еңбекшілері алдына қойылған басты мақсат - көмір мен түсті металл өндіруді арттырумен бірге қарағандылықтардың іс-мақсаттары майданға жан-жақты көмек көрсетуге бағытталды. Соғыстың қиын-қыстау кезеңінде тылда да тынымсыз еңбек етті. Астық және басқа негізгі ауыл шаруашылық өнімдерін тапсыру жоспар толық орындалды.

Соғыс қарсаңында іске қосылған Балқаш мыс қорыту зауыты елімізде қорытылатын қара мыстың үштен бірін өндірді, Жезқазған өнеркәсібінде руда шығару 3 есе өсті. 1944 жылы желтоқсанда Қазақ металлургия зауыты іске қосылып, Қазақстанда тұңғыш болат балқытылды.

Облыстық Н.В.Гоголь атындағы ғылыми-әмбебап кітапханасының өлкетану бөлімінде Ұлы Отан соғысы жылдардағы өлке тарихының сырын ашатын құжаттар, толық мәтінді мәліметтер жинау жұмыстары жүргізіледі. Соғыс жылдарындағы кезеңдегі мәліметтер туралы өлкетану бөлімі кітап қорымен, өлкетану картотекасымен, электрондық өлкетану каталогымен және «Қарағанды Ұлы Отан соғысында» атты тақырыптық папкамен қамтамасыз етілген.

Бұл бөлімде Ұлы Отан соғысының ардагерлері және тыл ардагерлерімен кездесу өткізілді. «Қарағанды облысы Ұлы Отан соғысында», «Великая Отечественная война в произведениях карагандинских писателей», «Өшпес ерлік» атты библиографиялық көмекші құрал дайындалып шықты.

Ұлы Отан соғысының ерлікке толы қаһарлы жылдары бірте-бірте алыстап барады. Бірақ, келешек ұрпақ, бүгінгі оқушылар, студенттер дүние жүзін фашистік құлдықтан аман алып қалған халықтың ғажайып ерліктерін ешқашан ұмытпақ емес.

«Қарағанды Ұлы Отан соғысында» атты көрсеткіштің негізгі мақсаты болашақ ұрпақтың Ұлы Отан соғысы жылдары қарағандылықтардың асқан ерліктерін, қажымас еңбектерін ұмытпай, олардан үлгі алып, өз еліне, өлкесіне деген сүйіспеншілігін, махаббатын, патриоттық сезімін ояту.

Бұл көрсеткіште Ұлы Отан соғысындағы қарағандылық жауынгерлер, тылдағы еңбеккерлер, Кеңес Одағының Батырлары Н.Әбдіров, М.Мамыраев, Қ.Нұржанов, А.Дәулетбеков туралы материалдар жинақталған. Көрсеткіш соңында «Есімізде отт жылдар белестері» атты әдебиеттерге шолу, «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» викториналық сұрақтар ұсынылған. Материалдарды жинақтауда өлкетану бөлімінің кітап қоры, өлкетану картотекасы және электрондық өлкетану каталогы пайдаланылды.

Көрсеткіш оқушыларға, студенттерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мұғалімдерге, өлкетанушыларға, кітапханашыларға және өз өлкеміздің тарихын білгісі келетін оқырмандарға арналған.

Олар Отан үшін шайқасты

Облыс еңбекшілерінің Отанды қорғауға өз еріктерімен жаппай өтініш беруі олардың нағыз отансүйгіштік, патриоттық сезімінен туындады. Соғыс басталысымен мыңдаған қарағандылықтар әскери комиссариаттарға келіп, өздерін Қызыл Армия қатарына алуға өтініш білдірді. 1941 жылдың соңына қарай облыстың әскери комиссариаттарына 25 мыңнан астам өтініш түсті, оның 10 мыңын қарағандылық қыздар жазған еді.

Соғыс жылдары майданға барлығы 45 мыңға жуық адам жіберілді. Қарағандылықтар Отан үшін өшпес ерлік көрсетіп, жан қиярлықпен айқасты, Олар Ленинградты, Сталинградты қорғады, Курск шайқасына қатысты. Украинаны, Молдавияны, Румынияны, Венгрияны неміс-фашист басқыншыларынан азат етті.

Орталық Қазақстанда Қызыл Тулы 72-гвардиялық Красноград атқыштар дивизиясы, 387-Перекоп атқыштар дивизиясы және Ленин орденді 310-Новгород Қызыл Тулы атқыштар дивизиясы жасақталды.

72-атқыштар дивизиясы Сталинград бағытында шайқасып, Қырым мойнағына дейін ұрыспен жүріп өтті, Перекоп бекінісін алуға қатысып, Севастопольды, Бухаресті азат етті.

310-дивизия Ленинград түбіндегі, Тихвин маңындағы, Волхов майданындағы ұрыстарға, Ленинград қоршауын бұзуға қатысты, Новгород пен Карелияның оңтүстік аудандарын жаудан азат етті, Шығыс Померанияны және Берлин операцияларына да қатысты. Сонымен қатар қарағандылықтар партизандар қозғалысына да белсене араласып, өз жерін қорғауға да теңдесі жоқ ерлік көрсетті.

Ортақ Отанды қорғаушылардың сапына тұрған қарағандылықтар арасынан облыста туып өскен немесе еңбек еткен 18 адам Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды, бұлардың ішінде Н.Әбдіров, М.Мамыраев, Қ.Нұржанов А.Дәулетбеков және тағы басқалары. 3 адам Даңқ орденінің үш дәрежесіне бірдей ие болды.

Фашизмге қарсы күресте көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін 6587 қарағандылық Кеңес Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталды.

Қарағандылықтар Ұлы Отан соғысы майдандарында ерлікпен шайқасты.

Әдебиеттер:

Ағыбаев М. Жеңіс жолындағы азапты күндер: 9 мамыр-Жеңіс күні // Азия Транзит.-2003.- №5.-4 б.

Азбанбаев А. Сағындым сары даламды Сарыарқамды: Естелік // Орт. Қазақстан.-2004.-12, 17 ақпан.-8 б.

Айтжанова Қ. Жеңісті жақындатқандар: Тағзым // Теміртау.- 2004.- 13 мамыр

Айтжанұлы Қ. Екі майданның ардагері: Ұлы Жеңіске-55 жыл // Орт. Қазақстан.- 2000.-10 мамыр

Айтуғанова А. Сол күндердің өшпес даңқы: Курск шайқасына - 60 жыл // Орт. Қазақстан.- 2003.- 26 тамыз.-2 б.

Ақсұңқарұлы С. Қасірет пен қасиет: Ұлы Жеңіске-55 жыл // Орт. Қазақстан.- 2000.-6 мамыр

Ақынов Ә. Ұлы Отан соғысы тарихындағы Қарқаралы беттері // Қарқаралы.- 2001.-5 мамыр

Алдашева Р. Даламның иісі бұрқырап: Ешкім де ұмытылмайды // Теміртау.- 2004.- 6 мамыр

Алдашева Р. Сұрапыл соғыста медсанбаттың сарбазы болған. Жеңісті жақындатқандар // Теміртау.- 2003.- 8 мамыр

Алпысұлы С. Әкесін алпыс жыл іздеген азамат: Ұлы Отан соғысында Қарағанды облысынан 45 мың жас жігіт майданға аттанып, олардың 18 мыңы оралмаған // Орт. Қазақстан.- 2002.- 14 желтоқсан.-13 б.

Алпысұлы С. Ерлікке өрілген өмір: [Ұлы Отан соғысының мүгедегі, филология ғылымының кандидаты, доцент Қ.Лекеров туралы]// Орт. Қазақстан.- 2000.-19 сәуір

Алпысұлы С. Зұлматты алғаш көргендердің бірімін // Орт. Қазақстан.- 2003.- 21 маусым.-9 б.

Алтайбаева С. Ерлік ешқашан ұмытылмайды: Ұлы Жеңістің 60 жылдығына // Теміртау.- 2004.- 16 желтоқсан.-2 б.

Аманбаев Қ.Ә. Соғыстың соңғы солдаттары: Жеңіс күні қарсаңында // Орт. Қазақстан.- 2004.- 1 мамыр.-5 б.

Аманжолов Қ. Бүгін майдың отыз бірі: [Жауынгер дәптерінен]// Орт. Қазақстан.- 2001.-8 қыркүйек, Қарқаралы.- 2001.-8 қыркүйек

Аманжолов Қ. Естен қалмас бір оқиға: [Жауынгер дәптерінен]// Орт. Қазақстан.- 2001.-8 қыркүйек

Ахметжанов Қ. Отан үшін от кешкен // Қарқаралы.- 2002.- 9 мамыр

Әбдіразақов Т. Қиянат пікірге халық сенбейді: Ұлы Отан соғысы тарихын бұрмалаушылар туралы// Орт. Қазақстан.- 2000.-6 мамыр

Әбеу Б. Жауынгердің жүрегі ақ сөйлейді: [Соғыс және еңбек ардагері Ж.Ранов туралы]// Орт. Қазақстан.- 2000.-22 наурыз

Әбеу Б. Партизан: [Қаппас Әлиакпаров туралы]// Орт. Қазақстан.- 2000.-15 сәуір

Әбілда Қ. Асылдың сынығы: Ардагерлер арамызда // Орт. Қазақстан.- 2004.- 8 мамыр.-7 б.

Әбілдин Қ. Бұғанамыз бекіген сұрапыл жылдар// Орт. Қазақстан.- 2001.-9 мамыр

Әбілдин Қ. От ортасынан оралған немесе сұрапыл соғыстың соңғы сарбаздарының бірі Тұрмысбаев туралы бір үзік сыр // Орт. Қазақстан.- 2003.- 9 мамыр.-8, 9 б.

Әденұлы Р. Соғыс жылдарындағы соқпақтар: Ұлы Жеңіске - 57 жыл // Ұлытау өңірі.- 2002.- 9 мамыр

Әзиев Ә. Майдан сарбаздары - Бауыржан мен Әзілхан: Естелік// Орт. Қазақстан.- 2000.-26, 29 сәуір

Әлімбаева Г. От кешкен // Абай-Ақиқат.- Абай, 2002.- 27 сәуір

Әліұлы С. Қаражалдың қадірлі қарты: Ардагерлер арамызда // Орт. Қазақстан.- 2004.- 27 сәуір.-12 б.

Базарбай М. Қарқаралы қыраны немесе аяулы Ахметбек пен "Азалы ана"// Қарқаралы.- 2000.- 6 мамыр

Байболсынұлы М. Балатон шайқасы: Майдангер естелігінен // Сарыарқа.- Жезқазған, 2004.- 8 мамыр

Байсерікұлы С. Есімде менің сол жылдар: Ұлы Отан соғысына - 60 жыл// Қарқаралы.- 2001.- 30 маусым

Байтұрсын Т. Жөргекте қалған нәресте әкесі жерленген бауырластар қорымына барып қайтпақ // Орт. Қазақстан.- 2003.- 21 маусым.-8 б.

Барманқұлов Ш. Отты жылдар естелігі: Соғыс ардагері Ш.О.Барманқұловпен әңгіме /Әңгімелескен А.Асылханұлы// Қарқаралы.- 2000.-22 сәуір

Башар Ж. Ұлтым үшін қуандым: [Шет ауданының құрметті азаматы Ж.Құтжанов туралы]// Орт. Қазақстан.- 2000.-3 мамыр

Бейсеұлы Е. Елге еңбегі сіңген ардагер: [Соғыс және еңбек ардагері М.Қожаберген туралы]// Орт. Қазақстан.- 2002.-27 наурыз

Бек М.М. Майданнан келген соңғы хат // Ұлытау өңірі.- 2002.- 9 мамыр

Бекенов Қ. Бұл шешуші күрес еді: ҰОС ардагері Қ.Бекеновпен әңгіме / Әңгімелескен С.Жанысбай // Орт. Қазақстан.-2004.- 6 шілде.-9 б.

Бекмаханұлы И. Майданға екі рет барып қайтқан соғыс ардагері Төлеген Сансызбаевтың басынан кешкен жорық жолдары // Сарыарқа.- Жезқазған, 2004.- 21 сәуір

Боздақтар. 1941-45 ж.Ұлы Отан соғысы жеңісінің 50 жылдығына арналады / Бас ред. Р.Н.Нұрғалиев.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1994.- 496 бет.

Бөкенбаев Н. Болашақ үшін күрестік: Майдангер лебізі // Сарыарқа.- Жезқазған, 2001.-9 мамыр

Білалқызы Ә. Ескірмейтін естелік // Орт.Қазақстан.- 2004.- 8 мамыр.-9 б.

Білгішбайқызы Ш. Майдан командирінің соқпақ жолы // Нұра.- Киевка, 2001.-5 мамыр

Досжан Д. Тәуелсіздік – тәтті сөз емес... // Орт. Қазақстан.- 2001.- 7 сәуір

Еңсебаев К. Жауынгер өткен жол // Сарыарқа.- Жезқазған, 2001.-9 мамыр

Есеева Б. Адам тағдыры: [Соғыс ардагері С.Сейілов туралы] // Абай хабаршысы.- 2000.-6 мамыр

Жанғожин А. Елу бес жылға созылған "іссапар": [В.Г.Саламатов туралы]// Орт. Қазақстан.- 2000.-2 желт.

Жанғожин А. Ерлік даңқы өшпейді: Ұлы Жеңіске-55 жыл// Орт. Қазақстан.- 2000.-10 мамыр

Жанғожин А. Қарағандылықтар Отан үшін шайқаста: Қазыналы қарашаңырақ / Е.Лұқпан// Орт. Қазақстан.- 2003.- 30 желтоқсан.-8 б.

- Жанысбаев З. Өшпес ерлік өнегелі ғұмыр: Майдангер ұрпағы сыр шертеді // Сарыарқа.- Жезқазан 2003.- 9 мамыр
- Жанысбай С. Солдат сәлемі: 9 мамыр - Жеңіс күні // Орт. Қазақстан.- 2003.- 9 мамыр.-16 б.
- Жанысбай С. Шығыс майдан жауынгері: [Д.Ысқақұлы туралы]// Орт. Қазақстан.- 2000.-3 мамыр
- Жармағанбетұлы М. Ағайындылар: Соғыс жаңғырығы // Мысты өңір.- Жезқазған, 2003.- 9 мамыр.-5 б.
- Жәбекұлы Т. Батырдың ұрпағы //Қарқаралы.- 2004.- 15 мамыр
- Жұмасұлтанов Ә. Соғыс жылдарында: Мемуар // Орт.Қазақстан.- 2004.- 8 мамыр.-10 б.
- Жүнісұлы О. Ұлы Жеңіс - тарихтың парақтары // Орт. Қазақстан.- 2004.- 13 мамыр.-3 б
- Зинчук Д. Әйгілі Кожедубтың механигі // Орт. Қазақстан.- 2002.- 1 мамыр
- Зинчук Д. Ғұмыр бойы алдыңғы қатарда: Ұлы Жеңіске- 60 жыл// Орт. Қазақстан.- 2004.- 25 желтоқсан.-4 б.
- Иманғалиұлы Қ. Марқасқасы қаламыздың Қалекен: Қарағанды қаласына - 70 жыл // Азия Транзит.- 2004.-N2.-30-31 б.
- Имаш Е. Батырлықтың бағасын халқы береді: [Соғыс және еңбек ардагері Е.Шайымов туралы]// Орт.Қазақстан.- 2000.-11 наурыз
- Исин С. Қарт майдангер: Хаттар сөйлегенде// Сарыарқа.- Ульяновка, 2000.-22 сәуір
- Кәкімжанұлы Ж. Олар Отан үшін күресті// Орт. Қазақстан.- 2000.-13 мамыр
- Қабдоллақызы Т. Қос бәйтерек: Ардагерлер арамызда // Орт. Қазақстан.- 2004.- 29 қаңтар.-4 б.
- Қабирахманова А. Ел басына төнген жыл еді // Сарыарқа.- Ботақара, 2002.- 9 мамыр
- Қаһарман қарағандылықтар. Герои- карагандинцы. – Қарағанды: Болашақ- Баспа, 2000.- 146 б.
- Қарабалин Ұ. Қара түндей қасірет: Новелла // Орт. Қазақстан.- 2002.-8 мамыр
- Қасенов М. Елдің шегі - шекараны күзеттім: Естелік // Орт. Қазақстан.- 2000.-26 сәуір
- Қасымжанов Е. Сұрапыл жылдар ойраны // Қарқаралы.- 2001.-5 мамыр
- Қауысов Б. Батыстан балдақпен қайтқан жауынгер: Ұлы Жеңіске-55 жыл // Орт. Қазақстан.- 2000.-19 сәуір
- Қауысов Б. Елі үшін жалғыздар да жауға шапқан: Соғыс ардагері А.Бекешин туралы// Орт. Қазақстан.- 2000.- 22 сәуір
- Қауысов Б. Өлім мен өмір арасы // Орт. Қазақстан.- 2003.- 23 тамыз.-4 б.
- Қожабергенов М. Ақ жарқын достың бейнесі: Жақсының аты өшпейді // Орт. Қазақстан.- 2004.- 8 мамыр.-5 б.
- Қойбағаров Х. Есімі елдің есінде: Ұлы Отан соғысының партизаны Ғ.Омаров туралы// Қарқаралы.- 2000.-29 сәуір
- Қойбағаров Х. Днепр батыры: Ұлы Жеңістің 58 жылдығы қарсаңында // Қарқаралы.- 2003.- 26 сәуір
- Қырықбайқызы Б. Қаһарлы күндер // Абай-Ақиқат.- 2003.- 8 ақпан
- Лұқпан Е. Әскери дәрігер: Р.Көшкімбаева туралы // Орт. Қазақстан.- 2000.- 3 мамыр
- Лұқпан Е. Берлин үшін шайқас // Орт. Қазақстан.-2005.-13 қаңтар.- 10 б.
- Лұқпан Е. Дос туралы сыр: Жана кітап // Орт. Қазақстан.- 2003.- 14 тамыз.-8 б.
- Лұқпан Е. Европаны азат ету //Орт. Қазақстан.- 2005.-6 қаңтар- 10 б.
- Лұқпан Е. Курск иінінде: Ұлы Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында // Орт. Қазақстан.- 2004.- 4 желтоқсан.-6 б.
- Лұқпан Е. Күркіреп күндей өтті ғой соғыс.: Ұлы Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында // Орт. Қазақстан.- 2004.- 19 қазан.-5 б.
- Лұқпан Е. Ленинград қоршауын бұзу: Ұлы Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында // Орт. Қазақстан.- 2004.- 23 желтоқсан.-6 б.
- Лұқпан Е. Москва үшін шайқас: Ұлы Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында // Орт. Қазақстан.- 2004.- 13 қараша.-7 б.
- Лұқпан Е. Өмір өткелдері: [соғыс ардагері М.Б.Қожабергенов туралы]// Азия Транзит.- 2004.- N10.-10-13 б.
- Лұқпан Е. Солдаттың үшбу хаттары: Күркіреп күндей өтті ғой соғыс // Орт. Қазақстан.- 2004.- 8 мамыр.-6 б.

Лұқпан Е. Панфиловшылардың соңғы тұяғы: Майдангер Мүтәш Қожабергеновтың балалық шағынан // Орт. Қазақстан.- 2003.- 30 қыркүйек.-4, 5 б.

Лұқпан Е. Порт-Артурдан келген хат// Орт. Қазақстан.- 2001.-4 қазан

Мағзұмұлы Қ. Он үш жасында орден алған: [Р.Шамжанова туралы] // Орт. Қазақстан.- 2002.- 8 мамыр

Мақаш Д. Тоқсаннан асқан ақсақал: Қарағандының кешегі тірлігінің тірі шежіресі // Орт. Қазақстан.- 2004.- 12 аспан.-7 б.

Мекей Б. Үзілмеген үміт: Новелла // Абай-Ақиқат.- 2001.- 21 сәуір

Орайханұлы С. Тыртық: 9 мамыр - Жеңіс күні // Азия Транзит.- 2003.- N5.-8 б.

Сағынтай С. Қаһарлы "Катюшаның" командирі // Орт. Қазақстан.- 2004.- 8 мамыр.-4 б.

Сағынтай С. Сүмбілінің шоқ жұлдызы: Эссе // Орт. Қазақстан.- 2003.- 9 мамыр.-9 б.

Сәдуақасұлы Е. Қан кешу жылдары: Ұлы Жеңіске-55 жыл// Орт. Қазақстан.- 2000.- 10 мамыр

Сексенұлы С. Бес жыл мұз жастанып, от кешкен 18 майдангер // Орт. Қазақстан.- 2002.- 8 мамыр

Сексенұлы С. Жарқылдап өткен ғұмыр: М.Рымжанұлының - 80 жылдығына // Орт. Қазақстан.- 2000.- 6 желтоқсан

Сексенұлы С. Сарғайған бір жапырақ қағаздың сыры // Орт. Қазақстан.- 2001.- 12 мамыр

Сексенұлы С. Сегіз жыл солдат болған майдангер // Орт. Қазақстан.- 2003.- 9 мамыр.-8, 9 б.

Смағұлов Ғ. Жалынды жылдар жылнамасы: Жаңа кітап // Орт. Қазақстан.- 2004.- 8 мамыр.-16 б.

Смағұлов Ғ. Есінде отты жылдар белестері // Орт. Қазақстан.- 2004.- 8 мамыр.-5 б.

Смағұлов Ғ. Отан үшін от кешкен // Орт. Қазақстан.- 2003.- 9 мамыр.-7 б.

Соболев А.Н. Ерлікке тағзым ете береміз: Курск иініндегі шайқасқа - 60 жыл // Сарыарқа.- Жезқазған, 2003.- 8 тамыз

Тайтөлеу Ж. Аруағыңа бас иеміз, аяулы аға!.: Соғыс майдангері Ы.Халықберген туралы // Орт. Қазақстан.-2000.- 13 мамыраз)

Ташенов И. Жеңіс үшін айқастық // Қарқаралы.- 2004.- 15 мамыр

Тұңқатарұлы К. Сағыныш назы: 9 мамыр - Жеңіс күні // Азия Транзит.- 2003.- N5.-6 б.

Тұрсынов Б. Он жетісінде от кешкен: // Орт. Қазақстан.- 2004.- 11 мамыр.-12 б.

Шаншаров Б. Ескірмейтін естелік: [Соғыс және еңбек ардагері Б.Х.Бектұрғанов естеліктері]// Балқаш өңірі.- 2001.- 10 сәуір

Ысқақұлы Т. Адам мен тағдыр: [Ш.Әбжанұлы туралы]// Орт. Қазақстан.- 2000.-25 қараша

Ізтілеуов Д. Қаһарман қайсар замандас: Гвардия офицері Асайын Мұсабеков қақында бір үзік сыр // Орт. Қазақстан.- 2002.- 4 мамыр

Ізтілеуов Д. Олар кеше от кешті қан майданда - Отан үшін, Ел үшін, Жеңіс үшін // Жаңаарқа.- 2002.- 4 мамыр

Нұркен Әбдіров

(1919-1942)



Әбдіров Нұркен 1919 жылы Қарқаралы өңірінде бұрынғы 5-ші ауыл, қазіргі Нұркен атындағы шаруашылық аумағында шаруаның отбасында дүниеге келген. Кейін ата-анасымен бірге Қарағандыға қоныс аударып, осы қалада әуе клубында үшқыш мамандығын игерген. Соғыс басталғанда Нұркен Орынбор әуе училищесінде оқитын. Ол майданға аттануға ұмытыла берді, сондықтанда оны алдымен Ташкенттегі, одан кейін Сібір қалаларының біріндегі шабуылшы әскери үшқыш дайындайтын курстарға жіберді.

Оқуды тәмамдағаннан кейін ол 267 әуе дивизиясының 808-ші шабуылшы полкы құрамында майданға аттанды.

Н.Әбдіров талай әуе шайқасына қатысып, ерлік пен өжеттік, әскери шеберлік танытты, әр тапсырманы мұқият орындап отырды.

Қазанның 23 күні тұңғыш рет әуе шайқасына аттанар алдында Нұркен былай деп жазған екен: “Егер біз фашистерді құртпасак, олар біздің түбімізге жетеді. Сөйтіп қуанышты, бақытты өмірмен қоштасамыз...”

Барлығы 17 рет әуе шайқасына қатысқан Нұркен жаудың 18 танкісін, 46 жүк машинасы мен көлігін, оның ішінде оқдәрі тасыған 18 керуенді, жанар май құйған 3 цистернаны талқандап, зенит қондырғыларының бесеуін, бірнеше жабық атыс ұясын, талай жау әскерін құртты.

1942 жылы желтоқсанның 19-да біздің батыр жерлесіміз өзінің серігі, атқыш әрі байланысшы Саша Комиссаров екеуі соғыс аспанына соңғы рет самғап шыққан еді. Боков - Пономорев станциясы маңайында олар тас құрсаңған жаудың үлкен алты танкін, бірнеше атыс ұясын, зенит артиллериясының екі қондырғысын жойып жіберді.

Жау оғы самолетке дөп тиіп, өргене бастады. “Өзекті жанға бір өлім” деген ой шарпып өткен ұшқыш, отқа оранған күміс қанат сұңқарды фашист танктері шоғырланған тұсқа қарай бұрды. Осылайша құлдилай құлаған самолет ішіндегі Нұркен мен оның қандыкөйлек серігі Александр Комиссаров екеуі ақырғы рет қаншама жауды қырып, жастықтарын бірге ала кетті.

Осынау теңдесі жоқ ерлігі үшін Нұркен Әбдіровке 1943 жылғы наурыздың 31-де еліміздегі ең мәртебелі атақ – Кеңес Одағының Батыры атағы берілген еді.

Сарыарқа сұңқары осылай мерт болды. Оның қаһармандығы бүкіл елге жайылды. Қарағанды енбеккерлері, олардың ішінде кеншілер Нұркен Әбдіров атындағы самолетке қаржы жинап, жауға аттандырды. Бұл самолет кейін Жеңіске дейін қатарда болды.

Ростов облысындағы Боков станциясының іргесіндегі Конек ауылында жерленген Нұркеннің басында қызыл тастан қашалған ескерткіш бар. Қарағандының қақ ортасында батыр Нұркен бейнесі мәңгілікке орнықты, Нұркен ауылында да ескерткіш орнатылды. Кеншілер астанасының әсем спорт сарайы батыр жерлесіміздің есімін иеленген. Қазақ батырының ерлігі қанша жыр - хикаяға, ән мен әңгімеге арқау болды.

Боков орта мектебіндегі отрядтардың бірі Нұркен атында. Батырдың анасы Бағжан бәйбіше Боков станциясының құрметті азаматы болып табылады. Вешенскаядағы мекенінде М.А.Шолохов Нұркеннің анасын мейман еткенін білеміз.

Қарапайым қазақ баласы Н.Әбдіровтың өмірі мен ерлігі қаһарман, қаншыл қазақ ұлтының бойындағы игі қасиеттердің айнасындай әлемге шұғыла шашып тұр.

Әдебиеттер:

Айнабеков Қ. Атақты атың жоғалмас, алтынмен жазған тарихтан: /Н.Әбдіров туралы// Орт. Қазақстан. - 1990. - 1 сәуір

Әбдіров Ә.С. "Ағаның ерлігі - ініге үлгі": полковник Ә.С.Әбдіровпен әңгіме / әңгімелескен А.Кашина// Орт. Қазақстан.- 2003.- 23 қаңтар.-5 б.

Әбдіров Нұркен. // Қарағандылық батырлар.- Қарағанды, 1990. – 7-8 б.

Әбдіров Нұркен. // Қаһарман қарағандылықтар. Герои – карагандинцы. – Қарағанды, 2000. – 5-7 б.

Әбдіров Нұркен. //Совет Одағының Қазақстандық Батырлары.-Алматы, 1969. - 1- ші том. – 43 - 44 б.

Әбілдин Қ. Ана толғауы: /Нұркен ескерткішіне// Орт. Қазақстан. - 1965. - 7 мамыр

Әубәкіров Ә. Ақиқаттан аттамайық: Жаңғырық // Орт. Қазақстан.- 2004.- 22 маусым.-4 б.

Әубәкіров Ә. Тарихи шындықты бұрмалауға болмайды // Орт. Қазақстан.- 2002.- 12 қазан.-3 б.

Байтұрсын Т. Жасындай жауын жайратқан: Нұркен Әбдіровтің ерлігіне - 60 жыл // Орт. Қазақстан.- 2002.- 28 желтоқсан.-10 б.

Батыр жерлестеріміз: /Н.Әбдіров т.б. Совет Одағының Батырлары атағын алу туралы// Орт. Қазақстан. - 1965. - 8 мамыр

Бекмаханұлы И. Жалындап өткен жас ғұмыр: Кеңестер Одағының батыры Нұркен Әбдіровтің Ұлы Отан соғысындағы ерлігіне 60 жыл толуына орай // Сарыарқа.- Жезқазған 2002.- 18 желтоқсан

Бектұров Ж. Ұлы достықтың сымбаты: /Кеңес Одағының батыры Н.Әбдіров жайлы// Орт. Қазақстан. - 1975. - 16 мамыр

Володченко В. Нұркеннің досы. /Нұркен және оның майдандас досы С.Н.Вандышев жайлы// Орт. Қазақстан. -1974. - 11 шілде

Дала қыранының түлеуі: /Н.Әбдіровтың хаттарынан// Ақиқат. - 1995. - №5. - 9-20 б.

Ерлік - елге мұра, ұрпаққа ұран!: Қаһарман жерлесіміз Нұркен Әбдіровтің Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқанына 60 жыл // Абай-Ақиқат.- 2002.- 21 желтоқсан

Ерлік - елге мұра, ұрпаққа ұран!.: Қаһарман жерлесіміз Нұркен Әбдіровтің Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқанына 60 жыл // Орт. Қазақстан.- 2002.- 11 желтоқсан.-1, 4 б

Ермекбаев Т. Батырдың бауыры: /Н.Әбдіровтың інісі Марлен Әбдіров туралы очерк/ //Орт. Қазақстан. - 1987. - 9 қаңтар.

Жанғожин А. Қарағандылықтар Отан үшін шайқаста: Қазыналы қарашаңырақ // Орт. Қазақстан.- 2003.- 30 желтоқсан.-8 б.

Жүзбаева Қ. Ер есімі - ел есінде: Нұркен Әбдіровтің ерлік жасағанына 60 жыл толуына орай // Орт. Қазақстан.- 2002.- 9 қазан.-11 б.

Жүрек лүпіліне толы хаттар: /Н.Әбдіровтың Қарағандыдағы туған - туыстарына жазған соңғы хаты/ //Орт. Қазақстан. - 1996. -7 мамыр

Игенсартов Ғ. Кек шешімі: /Совет Одағының батыры Ұлы Отан соғысында қаза тапқан Н.Әбдіров жайында жазған поэмадан үзінді/ //Сов. Қазақстан. - 1959. - 9 мамыр

Қарағанды батырлары: /Н.Әбдіров жайында/ //Орт. Қазақстан. - 1972. - 9 май

Ләмбекұлы С. Қарқаралы қыраны: Проза // Азия Транзит.- 2003.- №5.-9-11 б., №6.-22-24 б.

Лұқпан Е. Еділ бойындағы ерен ерлік: Ұлы Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында // Орт. Қазақстан.- 2004.- 25 қараша.-7 б.

Мансұр Т. Батырдың бір бейнесі: /Н.Әбдіров жайында/ //Орт. Қазақстан. - 1993. - 21 қаңтар

Мүсірепов Ғ. Ақлима: /Н.Әбдіров жайлы/ //Қазақстан әйелдері. - 1972. - №3. - 12-15 б.

Мүсірепов Ғ. Совет Одағының Батыры // Орт. Қазақстан.- 2002.- 11 желтоқсан.-4 б.

Нұркен туралы жыр. // Орт. Қазақстан. - 1973. - 4 наурыз

Нұркен шыққан ортасы: /Кеңес Одағының батыры Н.Әбдіровтың өмірінен/ // Қарқаралы. - 1996. - 4, 11, 25 мамыр

Омарбекұлы М. Елдің даңқын ер шығарады: Нұркен ауылында Қарқаралы қыранына арналған мемориал ескерткіш ашылды // Орт. Қазақстан.- 2003.- 9 мамыр.-3 б. Қарқаралы.- 2003.- 9 мамыр

Орманов Ғ. Шойын шыны: /Н.Әбдіров туралы өлең/ //Алыптар туралы ойлар. - Алматы: ҚМКӘБ., 1960. -212-213 б.

Орманов Ғ. Шойын шыңы: /Н.Әбдіров туралы тақпақ/ //Таңдамалылар. - Алматы: Көркем әдебиет баспасы, 1961. - 10 б.

Решеткина Е. Мәңгілік өмір жыры: /Батыр - ұшқыш Н.Әбдіров туралы жаңа деректер/ //Орт. Қазақстан. - 1988. - 23 февр.

Сағымбеков Р. Нұркен Әбдіров: Арқа ардақтылары. //Орт. Қазақстан. - 1990. - 25 наур.

Сағынтай С. Ерлікке - тағзым: Нұркен Әбдіровтің ерлігіне - 60 жыл // Орт. Қазақстан.- 2002.- 21 желтоқсан.-1, 6 б.

Сауғабаев К. Нұркен ағай осындай: /Кеңес Одағының батыры Н.Әбдіровке өлең/ //Лениншіл жас. - 1972.- 13 қырк.

Сәденұлы Қ. Қазақтың қанатты ұлы: /Сов. Одағының батыры, жауынгер ұшқыш Н.Әбдіровтің Ұлы Отан соғысында ерлікпен опат болуына - 50 жыл/ // Орт. Қазақстан - 19 желтоқсан

Сәденов Қ. Мөлдір шак: /Сов. Одағының Батыры Н.Әбдіров 50 жасқа толуына байланысты жазылған/ // Орт. Қазақстан. - 1969.-1 авг.

Семенов Л. Қарағандылық Батыр ұшқыш Н.Әбдіров туралы. // Орт. Қазақстан. - 1975. - 12 апр.

Смағұлов Ғ. "Ерлердің өлімінде де өмір бар": Нұркен Әбдіровтің ерлігіне - 60 жыл // Орт. Қазақстан.- 2002.- 18 желтоқсан.-5 б.

Совет Одағының Қарағандылық батырлары: // Орт. Қазақстан. -1985. - 10 май

Сүлеев Д. Ерлік данқы өшпейді ешқашанда: /Батыр Нұркен ауылындағы мерекеден репортаж/ //Қарқаралы. - 1995. - 27 мамыр

Сүлейменов Р. Батырдың анасы: /Н.Әбдіров жайлы/ //Орт. Қазақстан. - 1977. - 15 июнь

Сүлейменов Р. Қара алтын: /Н.Әбдіровтың балалық шағынан әңгіме/ // Орт. Қазақстан. - 1981. - 15 июль

Талжанов С. Біздің Нұркен: /Н.Әбдіров туралы/ // Коммунизм таңы. - 1987. - 9 май

Төребекова А. Есімі ел есінде: Н.Әбдіровтың ерлігіне - 60 жыл // Орт. Қазақстан.- 2002.- 6 шілде

Ыдырысов Н. Нұркен Батыр: Баллада /Н.Әбдіров жайлы/ //Коммунизм таңы. - 1974. - 9 июль 19 желтоқсан

Якимов Г. Өшпес ерлік: Нұркен Әбдіровтің ерлігіне- 60 жыл // Орт. Қазақстан.- 2002.- 18 желтоқсан.-5 б.

Мартбек Мамыраев (1908-1989)



Мартбек Мамыраев Қарқаралы ауданының қазіргі М.Мамыраев ауылында 1908 жылы туған. Табиғаттың бұла перзенті жасынан еңбекқор да алғыр болып өсті.

1921 жылы жас Мартбек Қарағанды кенішіне келді. Кейінде жер астында көмір шапты. Арнайы оқу бітіріп электрмонтері болды, учаске механигіне дейін өсті. 1936 жылы шахта кәсіподақ комитетіне, кейінде №3-бис шахтасының партия ұйымына жетекшілік етті.

Отанға қауіп төнген шақта ол соғысқа аттанды. 1942 жылдың мамыр айынан бастап майданға кірді. Қазақ жігітінің алғашқы от кешіп, сынға түскен жері Сталинград түбіндегі шайқастар еді. Сол жерде жараланып, 1943 жылдың қыркүйігіне дейін емделді. Қайтадан қатарға қосылып, 12-гвардиялық атқыштар дивизиясы сапында Димитров қаласын азат ету шайқасына қатысты. Мартбектің атқыштар ротасы әрқашан алдыңғы шептен көрінді. Бірде қалың оқтан жараланған рота командирі қансырап жатып, басшылықты Мартбекке тапсырды. Осы ұрыста көрсеткен ерлігі үшін М.Мамыраев Қызыл Ту орденімен марапатталды.

Беті қайтқан жауды түре қуған Мартбектер Батысқа бет алды. 1943 жылғы күзде олар Днепрді бетке алып, ұлы өзеннен өтуге тиіс болды. Немістер төсеген шағын көпірдің көмегімен Мамыраевтардың расчеті қарсы жағаға ілікті. Сол жерде үш түн бойы атысқан жауынгерлер берілмеді. Ұрыс кезінде жараланған Мартбек қатардан қалған жоқ. Ержүрек жігіттер бірінен соң бірі жараланды, көбі қаза да болды. Бірақ қару күшін іскер пайдаланған Мамыраев кеңес әскерлерінің өзеннен жүзіп өтуіне жағдай жасады. Осылайша үлкен операция сәтімен аяқталды.

Днепрден ұрыспен өту кезінде көрсеткен жанқиярлық ерлігі үшін гвардия аға сержанты, 61-ші Армияның 12-ші гвардия атқыштар дивизиясының 32-ші гвардиялық атқыштар полкінің пулемет расчетінің командирі М.Мамыраевқа КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен 1944 жылғы ақпанның 15 жұлдызында Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ол Ленин орденімен, I дәрежелі Отан соғысы орденімен, медальдармен марапатталған.

Соғыстан кейін Мартбек Мамыраев Киров атындағы шахта партия ұйымын басқарды. Ленин аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болды, кеншілер астанасы атқару комитетінің орынбасарлығына сайланды. Соңғы кезде ол химия-метеллургия институтында еңбек етті.

Мартбек ағамыздың бейбіт өмірдегі еңбегі де лайықты бағаланып, оған Құрмет белгісі ордені, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасы берілді.

Мартбек Мамыраев 1989 жылдың қараша айының 22 жұлдызында дүниеден өтті.

Әдебиеттер:

Совет Одағының Батыры Мартбек Мамыраевты мәңгі есте қалдыру туралы: Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің қаулысы // Қаз. ССР. Үкіметтің қауылар жинағы. – 1991. - №12

Мамыраев М. Ердік пен ерлік дастаны // Орт. Қазақстан. – 1981. –21 июнь

Мамыраев М. Есте сақталады // Орт. Қазақстан. – 1966. – 9 мамыр

Аманжолов Қ. Мартбек: [Толғаудан үзінді] // Қарқаралы. – 1992. – 8 тамыз.

Әбдірахманұлы А. Биыл - ұлы Жеңіске 55 жыл // Қарқаралы.- 2000.-15 сәуір.

Дүйсетаев С. Жақсының жақсылығын айт: Қарқаралыға еңбегі сіңген // Қарқаралы.- 2000.-25 наурыз.

- Жанысбаев С. Ерлігі ешқашан ұмытылмайды: [Батыр М.Мамыраевқа ескерткіш бюст орнатылғаны туралы] // Орт. Қазақстан. – 1991. – 5 қараша.
- Қаныбаева Р. Мартбек Мамыраевтың ерлігіне 50 жыл // Қарқаралы. – 1994. – 2 сәуір
- Қарағанды қырандары // Орт. Қазақстан. – 1990. – 1 сәуір
- Қойбағаров Х. Днепр батыры: Ұлы Жеңістің 58 жылдығы қарсаңында // Қарқаралы.- 2003.- 26 сәуір
- Қойбағаров Х. Толқынды Днепрдің жағасында: Ұлы Жеңіске-55 жыл// Қарқаралы.- 2000.- 1 сәуір
- Қыныбаева Р. Батырдың есімін ұмытпайық: Дат, ағайын! // Орт. Қазақстан.- 2003.- 7 қазан.-5 б.
- Лұқпан Е. Днепрді кешіп өту. Донбасс пен терістік Кавказды алу: Ұлы Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында // Орт. Қазақстан.- 2004.- 9 желтоқсан.-6 б
- Мамраев Мартбек // Совет Одағының қазақстандық Батырлары. - Алматы, 1969. – Т.2. – 23-24 б.
- Мамыраев Мартбек // Қарағандылық Совет Одағының Батырлары. - Қарағанды, 1990.– 39-40 б.
- Мамыраев Мартбек // Қаһарман қарағандылықтар. Герои-карагандинцы.- Қарағанды, 2000.- 79-82 б.
- Омарбеков М. Өз қазағым, өз елім: [Деректі әңгіме] // Қарқаралы.- 2001.-8 қыркүйек.
- Оразалин О. Жұлдызы жарқырап... // Орт. Қазақстан. – 1970. – 9 мамыр
- Сағындықов А. Азамат: Совет Одағының Батыры М.Мамыраев 70 жаста // Орт. Қазақстан.– 1978. – 4 мамыр
- Сағындықов А. Мартбек Мамыраев: Арқа ардақтылары // Орт. Қазақстан. – 1990. – 1 сәуір
- Тұңғышбаев Қ. Ер ерлігі – ел жүрегінде // Соц. Қазақстан. – 1963. – 2 ақпан

Қазыбек Нұржанов

(1919-1945)



Кеңес Одағының батыры Қазыбек Бейсенұлы Нұржанов 1919 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданындағы Ақтоғай ауылында туған. Қарқаралы педагогикалық техникумын бітіріп, Шет ауданында мұғалім болып істеді. 1939 жылы Совет армиясына шақырылды. 5-ші атқыштар дивизиясы истребитель дивизионын барлаушылар взводы командирі, аға сержант шеніндегі ол Ұлы Отан соғысына 1942 жылы көкек айында шақырылды. Волга мен Орел түбінде соғысып, Зуш, Десна, Сож, Днепр, Друть, Березин өзендерінен өтті. Оның бүкіл соғыс жолы ерлік пен даңққа толы. Қазыбек Нұржановтың көзсіз батырлығын және тапқырлығын бағалап, оған барлау взводын басқаруды тапсырды. Друть өзеніне өтерде олар жаудың оғы астында бола тұрып, барлау жүргізіп, дұшпан танктерінің шабуылын тойтаруға жағдай туғызған бағалы мәліметтер жеткізді.

Соғыс барысында ол жауынгерлік ерлігі үшін «Қызыл Ту», «ІІІ дәрежелі Даңқ» ордендері және «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Қазақстандық жауынгер Волховск қаласын алардағы ұрыста қанаттан тиіскен шабуылдаушы топты басқарды. Ержүрек жауынгер Қазыбек Нұржанов шабуылдаушы жаяу әскерді соңына ертіп, Волоховскіге бірінші болып кірді. Қала шетінде ол өте ауыр жарақат алды.

СССР Жоғарғы Совет президиумының 1945 жылғы 24 наурыздағы Указымен Қазыбек Бейсенұлы Нұржановқа қаза болғаннан кейін Кеңес Одағының батыры атағы берілді.

Қарағандының, Жезқазғанның бір көшесі Қ.Б.Нұржанов есімімен аталған.

Әдебиеттер:

Жанғожин А. Қарағандылықтар Отан үшін шайқаста: Қазыналы қарашаңырақ // Орт. Қазақстан.- 2003.- 30 желтоқсан.-8 б.

Жетібаева Б. Қала төлқұжатындағы есімдер Қазыбек Нұржанов // Сарыарқа.- Жезқазған 2004.-19 наурыз.-2 б.

Нұржанов Қ.Б. // Қарағанды. Қарағанды облысы. Энциклопедия.-Алматы, 1990.-428 б.

Нұржанов Қ.Б. // Қаһарман қарағандылықтар. Герои-карагандинцы./ Қарағанды, 2000.-92-93

б.

Нұржанов Қ.Б. // Совет Одағының қазақстандық Батырлары.- Алматы, 1969.- 2-ші том- 111-112 б.

Амантай Дәулетбеков (1917-1943)



Амантай Дәулетбеков Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданының Түгіскен ауылының күн шығыс жағындағы «Ақкеңсе» деп аталатын жерде 1917 жылы туды. Кеңес Армиясы қатарына 1939 жылы шақырылып, әскери қызметті Шығыста бастады.

А.Дәулетбеков 1942 жылғы жазда өзінің көптеген қызметтес жолдастарымен бірге Брянск майданына жіберілді. Ол 13-ші Армияға қарасты танктерді бұзып-жоятын 1180-ші полктің артиллериялық расчет командирі болды. А.Дәулетбеков өзінің жауға қарсы алғашқы шайқасын сол 1942 жылғы жазда Орлов облысындағы байырғы орыс қаласы Ливының оңтүстігінде бастады. Фашистер ол кезде Воронеж және Сталинград бағыттарында шабуылға шыққан болатын. Ливны түбінде бүкіл жаз бойы кескілескен ұрыс жүрді. Амантай осы ұрысқа қатысушылардың бірі болды.

1943 жылдың қанқұйлы жазы еді. 6 шілдеде Орел мен Курск темір жолдары арасындағы Поныри қалашығы түбінде кескілескен ұрыс басталды. Поныри түбінде 13-ші армияның 307-ші дивизиясы полктары қорғаныста тұрды. Өлермен жаудың қарқыны бір толастамады. Қаншама танктері от құшағына оранғанымен оның орнына жаңалары келіп, өршелене алға ұмтылды. Амантайлар жау әскерінің қоршауында қалды. Осы қысыл-таяң шақта зеңбірекшілер командирі қоршауды бұзып шығуға әрекет жасайды. Амантай зеңбірек жанына 2 адамнан қалдырып, жауынгерлерді бастап танкілерге ілескен жаудың жаяу әскерлерімен қоян-қолтық ұрысқа шығады.

Осы оқиғаны толығымен сипаттаған мәлімет архивте сақталған. 1080 артиллерия полкінің командирі, подполковник Мац қол қойған осы бір құжатта Амантай басқарған расчеттің жаумен шайқастағы ерлік қимылы былайша баяндалады: «...ұрыс екі сағатқа созылды. Жау 13-ші рет шабуылға шықты, бар ойы өз жолына кедергі болып тұрған Дәулетбеков расчетін құрту болатын. Бірақ Дәулетбеков жолдас жаудың бұл ойын жүзеге асырмады. Осы уақыт ішінде жаудың «Су-7» маркалы 10 танкі, бір ротадай жаяу әскері құртылды. Жау одан бетер ызаланып, батырдың зеңбірегін таптап кетпекші болды. Небәрі 4-ақ адамы қалған зеңбірек пен оның расчетін құртуға жау 14 рет оқталды. Біздің жауынгерлердің снарядтары бітуге айналды. Танктер мен автоматшылар зеңбірекке 150 метрдей жақын келді. Жаудың дәл тиген снарядынан Дәулетбековтің зеңбірегі мүлде істен шықты. Осындай қысыл-таяң шақта Дәулетбеков табандылық танытты. Тірі қалған 4 жауынгер оның командасы бойынша орындарынан тұрып, жаудың жаяу әскеріне қарсы ұмтылды. Оқтары әбден біткен жауынгерлер қоян-қолтық ұрысқа көшті. Осы жағдайдың өзінде Амантай 4 фашисті мұрттай ұшырды. Бірақ оның өзіне оқ тиді...»

Әскери командование 1943 жылдың 9 шілдесінде жаумен арыстанша алысып ерлікпен қаза тапқан жерлесіміздің ерлігін лайықты бағалады. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 жылғы 24 желтоқсанындағы Жарлығы бойынша Амантай Дәулетбековке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Әдебиеттер:

Дәулетбеков А. // Қаһарман қарағандылықтар. Герои-карагандинцы./ Қарағанды, 2000.-30-31

б.

Дәулетбеков А. // Совет Одағының қазақстандық Батырлары. – Алматы, 1969.- 1-ші том- 221-222 б.

Жетібаева Б. Түгіскеннен шыққын батыр: Совет Одағының Батыры Амантай Дәулетбековтың туғанына-85 жыл // Сарыарқа.- Жезқазған, 2002.- 10 шілде

Мұқышұлы Ұ. Амантай Батыр: Кеңес Одағының Батыры А.Дәулетбековтің туғанына 85 жыл // Орт. Қазақстан.- 2002.- 4 желтоқсан.-7 б.

Соболев А.Н. Ерлікке тағзым ете береміз: Курск иініндегі шайқасқа - 60 жыл // Сарыарқа.- Жезқазған, 2003.- 8 тамыз

Мүтәш Сүлейменов



Мүтәш Сүлейменов 1921 жылғы 10 қыркүйекте Қарағанды облысы Нұра ауданының Казгородок ауылында шаруа отбасында туған.

Қазақ орта мектебінде оқып, 9 кластық білім алды. 1941 жылдың мамыр айынан Нұра ауданының Чкалов атындағы колхозында есепші болып еңбек жолын бастады.

1942 жылдың 12 қаңтарында армия қатарына шақырылды. 1942 жылдың қазан айынан 49-шы Армияның 139-шы Рославск Қызыл Тулы дивизиясында, 2-ші Беларусь майданында бағыттаушы және 45-мм зеңбірек орудиясының командирі болды.

Беларусь соғысында 1944 жылы Мүтәш ағамыз III дәрежелі Даңқ орденін иеленді.

Кнышин қаласы және оның маңындағы соғыста М.Сүлейменов басқарған орудие расчеты неміс фашистерінің үш пулемет орнын және жиырмаға тарта гитлершілерді жойып жіберіп, біздің жаяу әскерлердің одан әрі жылжуына мүмкіндік жасады. Осы соғыстағы ерлігі үшін сержант М.Сүлейменов II дәрежелі Даңқ орденімен марапатталды. Ол Польша жеріндегі ұрыстарда көрсеткен ерлігі үшін 1945 жылғы 29 маусымда I дәрежелі Даңқ орденімен марапатталды.

1945 жылғы 9 мамырды, Жеңіс күнін М.Сүлейменов Берлин төңірегінде қарсы алды. 1945 жылғы 24 маусымда Москвада Қызыл алаңда болған Ұлы Жеңіс парадына қатысқан.

Әскер қатарынан оралған М.Сүлейменов бейбіт еңбек жолын 1946 жылы Нұра ауданының қазақ орта мектебінде алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі қызметінен бастап, 1987 жылға дейін үздіксіз еңбек етті.

1968 жылы Қарағанды педагогикалық институтының тарих факультетін сырттай бітірді.

М.Сүлейменов «Қазақ КСР-і білім беру саласының озық қызметкері», «КСРО ағарту саласының озық қызметкері» деген құрметті атаққа ие болды. Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

1990 жылғы 7-мамырда КСРО Президенті М.С.Горбачевтің Кремльдегі Ұлы Жеңістің 45 жылдығына арналған қабылдауында болды.

М.Сүлейменов Ұлы Жеңістің 40 жылығына және 50 жылдығына арналған Москвада Қызыл алаңда өткен парадтарға қатысқан.

Әдебиеттер:

Қазақстан Республикасы. Президент (1991 - Н.Ә. Назарбаев). Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы Қарағанды облысы бойынша: ҚР Президентінің Жарлығы// Орт. Қазақстан.- 2003.- 9 мамыр.-1 б.

Алдашева Р. Сұрапыл соғыста медсанбаттың сарбазы болған.: Жеңісті жақындатқандар Теміртау.- 2003.- 8 мамыр

Ахметов Д. Ерлік мәңгі жасайды: Жеңіске-55 жыл // Нұра.- 2000.-29 сәуір

Ахметов Д. Ерлік мәңгі жасайды: [М.Сүлейменов туралы] // Орт. Қазақстан.- 2001.-26 қыркүйек. Нұра.- 2001.-6 қазан

Ахметов Д. Ұстаздардың ұстазы: Қалдырған ізің мәңгілік// Орт. Қазақстан.- 2004.- 23 қазан.- 13 б.

Әшімұлы Б. Нұраның бойындағы нұрлы мекен: Мерейтой// Орт. Қазақстан.- 2004.- 13 қараша.-8 б.

Байтұрсын Т. Сексенінде де сергек мерейтой: [М.Сүлейменов туралы]// Орт. Қазақстан.- 2001.-15 қыркүйек

Білгішбайқызы Ш. Еңбектегі әр күнім - бір несібе // Нұра.- 2002.- 2 қараша
 Досжанов Қ. Абзал аға: [М.Сүлейменов туралы]// Нұра.- 2001.-25 тамыз
 Жанғожин А. Қарағандылықтар Отан үшін шайқаста: Қазыналы қарашаңырақ // Орт.
 Қазақстан.- 2003.- 30 желтоқсан.-8 б.
 Жанғожин А. Қаһарман қарағандылықтар Қызыл алаңындағы Жеңіс шеруіне қатысады// Орт.
 Қазақстан.- 2000.-6 мамыр
 Жұмағали С. Еңбегі бардың өнбегі бар // Орт. Қазақстан.- 2003.- 4 желтоқсан.-2 б.
 Қарағанды енді әскери қала болады // Орт. Қазақстан.- 2002.- 4 қыркүйек.-11 б.
 Майдангерлер галереясы // Қарқаралы.- 2000.-6 мамыр
 Сүлейменов М // Қаһарман қарағандылықтар. Герои-карагандинцы.- Қарағанды, 2000.- 113-
 114 б.
 Сыздықов Б. Қазақ мектебі - ұлт бесігі: М.Сүлейменов атындағы мектепке- 75 жыл // Орт.
 Қазақстан.- 2004.- 10 сәуір.-6 б.
 Сыздықов Б.О. Қазақ мектебі - ұлт мақтанышы М.Сүлейменов атындағы мектепке- 75 жыл:
 Мерейтой// Нұра.- 2004.- 17 сәуір
 Халиолла М. Жалындап жану немесе майдангер-ұстаз Мүтәш Сүлейменовпен сырласу:
 [Эссе]// Орт. Қазақстан.- 2001.-5 мамыр. Нұра.- 2001.-5 мамыр

Тиышбек Аханұлы Аханов



Тиышбек Аханұлы 1924 жылы 28 маусымда Қарағанды облысының Победа совхозында дүниеге келген. 1941 жылы N1 ФЗО-ны тамамдағаннан кейін «Кировкөмір» тресінің N31 шахтасында электровоз машинисі болып жұмысқа түседі. 1942 жылдың басында өз еркімен комсомолдың шақыруымен майданға атанады. Мәскеу түбінде 316–дивизия құрамында әскери шұғыл дайындықтан өтіп, Клин, Ржевтегі ауыр ұрыстарға қатысады. 1944 жылы ауыр жарақатанып, госпитальде емделеді.

Қарағанды мұғалімдер институтын бітіріп, N2 мектепте сабақ береді. 1947 жылы Қарағанды облыстық комсомол комитетіне хатшы болады. 1948 жылы Қарағанды қалалық партия комитетінде кадр бөлімінің меңгерушісі болады. 1977 жылы Алматы ауыл шаруашылық институтын бітіреді. Қарағанды қаласындағы Киров, Ленин ауаткомдарының төрағасы, Қарқаралы аупарткомының бірінші хатшысы, Қарағанды облатком төрағасының орынбасары, облаткомның еңбек және баға бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. 1987 жылдан республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер.

Еңбек жолын электровоз машинисінен бастаған Тиышбек Аханұлы ұйымдастыру қабілетінің арқасында көзге түсіп, қоғамдық өмірге белсене араласуымен комсомол, партия. Кеңес органдарына жауапты жұмыстарға жоғарылытады және бірнеше орден мен медальдар игері.

Әдебиеттер:

Алпысбайұлы С. Қоғамның қайыспайтын қара нары // Орт. Қазақстан.- 2004.-26 маусым. 6 б.
 Нұралы С. Ардагерді ардақтады Баспасөз мәслихаты // Орт. Қазақстан.- 2004.- 1 шілде.

Мәлік Имашұлы Имашев



Имашев Мәлік Имашұлы 1922 жылы 22 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы, Қатанқарағой селосында дүниеге келеді. Еңбекке он жасынан араласады, мал бағып, жем-шөп дайындайды. Әке-шешесінің ауруына байланысты үй шаруашылық жұмыстары яғни барлық ауыртпалық өз мойында болды.

1941 жылыдың қыркүйегінде 19 жасар Мәлік Имашұлы әскерге шақырылып, Киев қаласынан көшірілген Талдықорған қаласына орналасқан ұшқыштар училищесіне жіберіледі. Бір жылдан астам ұшу мен соғыс өнерін меңгерген 60

курсанттың ішінен 25 оқу үздігі қатарында майданға аттанды. Алғашқы бомбалау әуе жорығын Мәлік Имашұлы 1942 жылы 172-ші әуе полкында Ржев және Вязьма қалаларының маңында орналасқан жау объектілерін бомбалаудан бастайды. Одан кейін 50-ші армияның 432-ші әуе бомбалаушы эскадрилиясы құрамында әуе шайқастарында соғысқа қатысады. Соғысты Кеннигсберг пен Балтық теңізінің Пилау және Фишхаузен теңіз айлақтарын қоршауға алып, жауды бомбалап талқандаумен аяқтады.

1947 жылы ол туған жері Қотанқарағой селосына жеңіспен оралады. Сол жылы аудандық партия комитетінің нұсқаушылығына, жарты жылдан кейін партия комитетінің меңгерушілігіне бекітеді. 1949 жылы Мәлік Имашұлы Алматы партия мектебіне түсіп үздік бітіреді. 1951 жылы Қарағанды қаласына жіберіледі. Бұл жерде Қарағанды қалалық партия комитетінде, Киров аудандық, Шет аудандық, Қарағанды облыстық партия комитеттерінің хатшысы, Қарағанды облыстық кәсіподақтары кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарады.

1973 жылы Мәлік Имашұлына Одақтық дәрежедегі зейнетақы тағайындалды. Алайда 50-жастағы жас зейнеткер үшін үйде отыру табиғатына жат еді. Ол облыстық «Полиграфия» басқармасына жетекшілік етеді. Облыста баспахана мен баспагерліктің, журналистиканың дамуына сүбелі өзіндік ерекше үлесін қосты. Облыс полиграфия өндірісінің саласы сол кезеңде Қазақстанда ғана емес, Одақ көлемде алдыңғы қатарға шықты.

Қарағанды облысының экономикалық және әлеуметтік дамуына, мәдениеті мен баспасөз ісінің өркендеуіне қомақты үлес қосқан талантты басшы-қайраткер.

2001 жылы «Шахтер-Испат-Кармет» футбол командасын ұйымдастыру және қаржылық, шаруашылық және кадр мәселелерін шешуге кірісті.

Бірнеше медальдар мен ордендер иегері. Қазақстанның полиграфия және баспа ісіне еңбегі сіңген қызметкер атағын алды, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

Әдебиеттер:

Имашев М. Бізді «Шахтер» арқылы таниды // Орт. Қазақстан.-2001. –11 тамыз.

Имашев М. Қарағанды кеншілерінің көшбасшысы // Орт. Қазақстан.- 2001.- 20 қаңтар.

Имашев М. Қаражат қайда жұмсалады? //Соц. Қазақстан. – 1990. –22 шілде.

Имашев М. Халықтың ұлы ерлігі ұмытылмайды: Ұлы Жеңіске –55 жыл // Орт. Қазақстан.- 2000.-5 ақпан.

Ақанов Т. Азамат сондай-ақ болсын: Мәлік Имашұлы -80 жаста // Орт. Қазақстан.- 2002.- 26 қаңтар

Алпысұлы С. Қыран қиясы: [М.Имашев туралы]// Орт. Қазақстан.-2001.-15 желтоқсан

Аманбаев І. Қоғамдық мүдденің қажырлы қызметшісі: Мәлік Имашұлы - 80 жаста // Орт.Қазақстан.- 2002.-26 қаңтар

Есмхамбетов А. Берері сарқылмайтын, айтары азаймайтын адам: Мәлік Имашұлы - 80 жаста // Орт.Қазақстан.- 2002.-26 қаңтар

Кәрімов С. Жеңіске тағзым: 9 мамыр - Жеңіс күні // Азия Транзит.- 2002.- N5.-2-3 б.

Сексенұлы С. “Олигархтарды” демократиямен үш қайнаса сорпасы қосылмайды: Газет редакциясында өткен "Дөңгелек столға" қатысатындар осындай ортақ ұйғарымға келді // Орт.Қазақстан.- 2002.-10 сәуір

Тылда да тынымсыз еңбек етті.

Соғыстың қиын қыстау кезеңінде елдің тылында аса маңызды өнеркәсіптік база болған Қазақстанның индустриалды жүрегі- Қарағанды облысына үлкен маңыз берілді.

Соғыстың алғашқы күнінде – ақ Қарағандының шахталарында, өнеркәсіп орындарында, мекемелерде жұмысшылар мен қызметшілердің жиналыстары болып өтті. №44/45 шахтаның бастығы, байырғы кенші Т.Күзембаев митингіде сөз сөйлеп былай деді: “Біздің әрқайсысымыз өз жұмыс орнымызда жақсы жұмыс істеп, көмірді бұрынғыдан да көп беруіміз керек. Егер қажет болса біз қолымызға қару алып, жауға қарсы аттануға әрқашан дайын болуға тиіспіз”. Қарағанды

еңбекшілері ортақ Отанның абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалуға әзір екендігін білдірді. “Біреуіміз үш адам үшін жұмыс істейік! Көмір де қару. Еңбекте де ұрыстағыдай болайық!” Қарағандылықтардың ұрандары осындай болатын.

Ортақ Отанды қорғаушылар қатарына алынған кеншілердің лавадағы орнын әкелері, ұлдары мен қыздары басты. Зейнеткерлер забойға қайтып оралды, шахтада жұмыс істеуді жастар мен әйелдер жедел үйрене бастады.

Орталық Қазақстан еңбекшілері алдына қойылған басты мақсат - көмір мен түсті металл өндіруді арттырумен бірге қарағандылықтардың іс-мақсаттары майданға жан-жақты көмек көрсетуге бағытталды. Соғыс жылдары астық және басқа негізгі ауылшаруашылық өнімдерін тапсыру жоспары толық орындалды. Егіс алқаптары 28 процент артты.

Қарағандылықтар арасында қорғаныс қорына қаржы жинау жөніндегі патриоттық қозғалыс қызу қолдау тапты. Соғыстың алғашқы 5 айында Қарағанды қаласы бойынша 1904955 сом қаржы жиналды және майдан үшін жылы киім жинауға зор ынтамен қатынасты. Екі жарым жыл ішінде 37 мың шолақ тон, күрте, бөкебайлар, 24 мың пима, 10543 дана іш киім мен 100 мыңға жуық құлақшын, биялай, шұлық даярланды. Ленинград майданы мен Нева бойындағы қаланың жауынгерлері үшін азық-түлік жинау айлығы кезінде (1942 жылғы мамыр-маусым) 20 вагон азық-түлік жөнелтілді. 1944 жылы тағыда 10 вагон азық-түлік пен сыйлық жіберілді. 1942-1943 жылдары аралығында майданға сыйлық тиелген 94 вагон жөнелтілді.

Облыстың әр кәсіпорындарында, барлық ұйымдарында майдан сұраныстарын мүлтіксіз орындау жолындағы ерлік күрес өріс алды. Ұлы Отан соғысы қарсаңында Балқаш мыс қорту зауыты салынып болды. Соғыс кезінде өндірістік алаңдарынан Кольчугин түсті металдар прокаты зауытының жабдықтары осында орналыстырылды. Молибден рудасын өндіру басталды. Соғыстың аяқ шенінде Балқаш өнеркәсібі - елімізде қорытылатын қара мыстың үштен бірін, молибден өнімінің, түсті прокат пен вольфрамның едәуір бөлігін өндірді. Жезқазған өнеркәсібі қағаз, жарылғыш заттар, сұйық шыны, карбид өндірісін, күрделі қосалқы бөлшектер мен жабдық шығаруды игерді, руда шығару үш есе өсті. 1944 жылы желтоқсанда Самарқан поселкесінде (қазіргі Теміртау) Қазақ металлургия зауыты іске қосылып, Қазақстанда тұңғыш болат балқытылды.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруде облыс шаруашылықтары үлкен үлес қосты. Мал шаруашылығын дамытқаны, сондай-ақ жоспардан тыс астық өнімдерін қамтамасыз еткені үшін Қарағанды облысы және оның Осакаров ауданы Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл Туымен марапатталды.

Жау басып алған аймақтан көшіп келгендерді жұмысқа орналастыру, балаларын бақшалар мен мектептерге орналастыру, майдангерлер мен қаза болғандардың отбасыларына көмек көрсету, госпитальдарды қамқорлыққа алу жөнінде де тыңғылықты жұмыс жүргізілді.

Азат етілген Донбастың шахталарын тезірек қалпына келтіруге барынша жан-жақты көмек көрсетілді. Мәселен 1943 ж. және 1944 жылдың қысында, бүкіл донбастық қызыл эшалоннан кейін 12 жыл өткен соң, Донбасқа шахта жабдықтары, техника және азық-түлік тиелген 17 вагон жөнелтілді, жұмысшылар мен негізгі мамандықтардың мамандары аттандырылды. Қарағанды облысының еңбекшілері Сталинградты, Харьковты және басқа азат етілген аудандарды қалпына келтіру қорына бірнеше рет өздерінің бір күндік еңбекақыларын аударды.

Адамдардың отаншылдық сезімін күшейтіп, жеңіске деген сенімдерін нығайтуға арқау болған әдебиет пен өнердегі Отан қорғау тақырыбы - қарағандылықтардың рухани өмірінде негізгі желіге айналды. Госпитальдарда, әскерге шақыру пункттерінде, дала қостары мен шахталарда өнер көрсететін концерттік бригадалар құрылды. Қарағандының мәдени өміріне Леся Украинка атындағы Киев драма театрының, Мәскеу камера театрының көшіп келген ұжымы да белсене қатысты.

1943 жылғы 13-шілде мен 14-тамызда Қарағандыда ақындар айтысы болып өтті, онда Доскей Әлімбаев, Шашубай Қошқарбаев, Қайып Айнабеков сынды бүкіл республикаға аттары мәшһүр халық ақындары мен композиторлары өнер көрсетті. Еңбекшілерді тылдағы ерлік еңбекке жігерлендіруде айтыстың үлкен маңызы болды. 1943-1945 жылдар аралығында Сарыарқаның суырып салма саңылақтарының сөз сайысын Балқашта, Жезқазғанда, Қоңыратта, көптеген аудан орталықтарында болып өтті. Біздің жерлесіміз, әскери-тілші Баубек Бұлқышевтің публицистикалық мақалалары Отан қорғаушылардың рухани бейнесін сипаттады, ол 1942-1943 жылдары “Комсомольская Правда” газетінің беттерінде “Шығыстың ұлына хат”, “Өмір мен өлім

туралы” деген жарқын мақалаларды жариялады. Н.Тихонов “қазақ поэзиясының інжу-маржаны” деп атаған Қ.Аманжоловтың “Ақын өлімі туралы аңыз” деген дастаны қазақ әдебиетінің соғыс жылдары дүниеге келген тамаша туындылардың бірі болып табылады.

Біздің жерлестеріміз шығарған туындылар күресіп жатқан халықтың рухани қазынасын құраған жұмыстардың қатарына ілікті. Мәселен, Е.Брусилковскийдің “Сарыарқа” және В.Великановтың “Қазақ сифонияларында” Тәттімбет күйлерінің әуендері пайдаланылды.

Әдебиеттер:

Асанов С. Жауынгердің жесірі; Медициналық қызметтің майоры // Сана.- Қарағанды, 2000.- 11 мамыр(N18).-4 б.

Әбдірахманұлы А. Биыл - Ұлы Жеңіске 55 жыл // Қарқаралы, 2000.-15 сәуір

Байсерікұлы С. Есімде менің сол жылдар: Ұлы Отан соғысына - 60 жыл // Қарқаралы.- 2001.- 30 маусым

Байсеркеев Л. Майданды демеген қуатты күш.- Алматы: Қазақстан, 1985.- 160бет: сурет

Байтұрсын Т. Жөргекте қалған нәресте әкесі жерленген бауырластар қорымына барып қайтпақ // Орт. Қазақстан.- 2003.- 21 маусым.-8 б.

Бәшімова Г. Біздің әке-шешеміз тылда соғысты // Орт. Қазақстан.- 2000.-10 мамыр

Ел мен ердің жеңісі: Публицистикалық мақалалар, очерктер, естеліктер / Құраст. М.Кеңбейілов.- Алматы: Қазақстан, 1985.- 256бет: сурет

Есеева Б. Қарт майдангер ортамызда: Ұлы Жеңіске-55 жыл // Абай хабаршысы.- 2000.-29 сәуір

Жанғожин А. Майдан мен тылдың жауынгерлік сапында 40-жылдар: "Орталық Қазақстан" газетіне-70 жыл // Орт. Қазақстан.- 2001.-13 маусым

Жанғожин А. Сарыарқадан майданға сәлемдеме: Қазыналы қарашаңырақ /Е.Лұқпан// Орт. Қазақстан.-2004.- 1 қаңтар.-4 б

Жанғожин А. Сұрапыл соғыс туралы ақиқат пен аңыз:// Орт. Қазақстан.- 2000.-26 сәуір

Жүнісбеков Д. Қос ардагер // Қарқаралы, 2002.- 9 мамыр

Қойбағаров Х. Оқ тескен газеттер: Ұлы Жеңістің 59 жылдығы қарсаңында // Қарқаралы.- 2004.- 1 мамыр

Лұқпан Е. Еділ бойындағы ерен ерлік: Ұлы Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында / Е.Лұқпан, Ғ.Смағұлов// Орт. Қазақстан.- 2004.- 25 қараша.-7 б.

Лұқпан Е. Майдан мен тылдың бірлігі Ұлы Жеңіске-60 жыл // Орт. Қазақстан.-2005.-10 б.

Лұқпан Е. Москва үшін шайқас: Ұлы Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында / Е.Лұқпан, Ғ.Смағұлов// Орт. Қазақстан.- 2004.- 13 қараша.-7 б.

Мұқанұлы М. Тәубелі тілек// Мысты өңір.- 2004.- 16 желтоқсан.-6 б.

Нұрмағанбетов Б. Ұлы жеңіс ерен еңбекпен келді: Тыл майдангері Б.Нұрмағанбетовпен сұхбат / Сұхбаттасқан Ә.Текенова // Сана.- Қарағанды, 2000.- 26 қазан(N41).-4 б.

Нұрмағанбетов Ж. Тылда да тынымсыз еңбек еттік: Кенші Ж.Нұрмағанбетовпен әңгіме / әңгімелескен С.Сексенұлы // Орт. Қазақстан.- 2000.- 18 наурыз

Семқұл Б. Ардақ тұтар ардагерлеріміз: Ұлы Жеңіске-55 жыл // Орт. Қазақстан.- 2000.- 3 мамыр

Смағұлов Ғ. Мылтықсыз майдан ерлері // Орт. Қазақстан.- 2001.-9 мамыр

Ұлы Отан соғысы жылдардағы қарағандылық майдангер жазушы, ақындар

Өткен соғыс еліміз бен оның рухани келбетінде өшпес із қалдырды. Сұрапыл соғыстың қасіретті күндерін еске алғанда, ең алдымен алапат қырғында құрбан болған жандар тағдыры, орасан қиындықтар еске түседі.

Сол жылдардан бастап, күні бүгінге дейін көркем өнерде, әдебиетте толассыз үн беріп, көрініп келе жатқан тақырып – Ұлы Отан соғысы тақырыбы. Әсіресе әдебиеттің поэзия, проза, драматургия сияқты кесек жанларында жасалған сурет, бейнелер айта қаларлықтай бедерлі. Мұның көпшілігі сол соғыс дүбірі кезінде жазылса, қалғандары кейін туындап, жарық көруде.

Соғыс кезінде поэзия, әсіресе, оның ұсақ жанрлары: өлең, ән текстері, лирикалық толғаулар кең өрістеді. Ұлы Отан соғысы жылдары көптеген жазушылар соғысқа аттанды, олар өздерінің қаламдарын мылтыққа айырбастап аса ерлікпен күресті. Оқ ортасында жүріп жазба жұмыстарымен де айналысқан. Солардың бірі Қасым Аманжолов.

Отан соғысы кезіндегі поэзияда өзінің идеялық мазмұнымен де, көркемдік маңызымен де күрделі шығарманың бірі болып танылған Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» (1944) атты поэмасы басқыншы зұлым жауға қарсы ең соңғы оғы қалғанша берілмей соғысып, ерлікпен қаза тапқан патриот ақын Абдолланың батырлығы суреттеледі. Оның неміс фашистеріне деген өшпенділік ыза-кегі, табандылық қасиеттері паш етілген. Бұл кезеңде Қ.Аманжолов майданның нағыз қызу ортасында болды. Нәзік те жалынды лирика осы тұста туды. «Ұлы Отан соғысы туралы жыр» (1943), «Елге хат» (1944), «Үстімде сұр шинелім» (1944) сияқты және басқа да көптеген өлең-жырларында ақын елге төнген қауіпті, неміс басқыншыларының айуандық әрекеттерін, бұл тажалға бүкіл соғыс жылдарын қолына қару алып, қатардағы солдат болып өткізеді. Қиыр Шығыстан сонау Батысқа дейінгі аралықты солдаттың «жаны сірі» етігімен басып өтеді. Қайда жүрсе де адалдықты, адамдықты, батырлықты паш етеді.

Соғыс кезінде көркем прозаның публицистика, очерк, әңгіме жанлары көбірек дамыды. Майдандағы армияның ерлік қимылдарын көрсететін очерк, әңгімелер ол кезде газет-журналдарда жиі басылып тұрды. Майдан оқиғасы туралы іле-шала жазылған очерк, әңгімелер майдан мен тылға дереу тарап отырды: бұл шығармаларда Кеңес Армиясының қаһармандылық ерліктері суреттеледі.

Жазушы Ә.Әбішевтің бірсыпыра әңгімелері майдандағы жауынгерлердің өмірін көрсетуге арналған. Ұлы Отан соғысы кезінде жазылған «Төлеген Тоқтаров» (1944), «Саржан» (1945) повестерінде кеңес жауынгерлерінің жеңіске деген нық сенімі мен патриоттық рухы шынайы бейнеленеді. Ә.Әбішевтің прозалық көлемді туындыларының бірі – «Жас түлектер» (1945) романы. Онда Қарағанды кеніштеріндегі соғыс кезіндегі жастардың өмірі мен қажырлы еңбегі суреттеледі.

Баубек Бұлқышевтың тамаша жазушылық таланты Ұлы Отан соғысының ауыр сын сағаттарында ерекше көрінеді. Соғыста ерлік өліммен қаза тапқан Б.Бұлқышевтің публицистикалық шығармаларында «Жауыздық пен махаббат» Отанға, туған жерге, халыққа деген терең сүйіспендік мадақталады. Оның «Заман біздікі» деген жалынды үні барлық жастарға арналады.

1942 жылы 1 мамырда «Комсомольская правда» газетінде Б.Бұлқышевтің «Өмір мен өлім туралы» деген өршіл патриоттық публицистикалық мақаласы шықты. «Өмір сүргім келеді», «Заман біздікі», «Шығыс ұлына хат», «Тыңда, Кавказ» және басқа мақалалары үнемі «Комсомольская правда» газет беттеріне жарияланды.

«Есімізде отты жылдар белестері» әдебиеттерге шолу

Уақыт зымырап өтіп жатыр. Уақыт өткен сайын заман өзгеруде, бірақ өткен өмір тарихы мәңгі есте сақталуда. Неше алуан соғыс дүниені дүр сілкіндірді, бірақ екінші дүние жүзілік соғыс, қаншама адамзатын қисапсыз қасіретке ұшыратқан өлімімен мәңгілік есте қалды.

Біздің еліміз адамзат баласы басынан өткізбеген зұлматты өткерді. Соғыс арифметикасы - қаралы арифметика. Әрбір секунд сайын бір адам, әрбір минут сайын он адам оққа ұшып жатты. Ал соғыс 1418 күнге созылды.

Жеңіс елімізге оңай келген жоқ. Ұлы Жеңіс бабаларымыздың биік патриотизм сезімі мен рух мықтылығымен келді.

Біз, қазіргі заман түлектері дүниені дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысын мәңгілік есте сақтауға міндеттіміз. Еліміздің басынын кешкен қайғылы, зұлматты жылдар тарихын мәңгі есте сақтауға әр алуан кітаптар көмектеседі.



Сіздердің қолдарыңызда Ұлы Отан соғысының ұрыс даласында қаза болғандардың, гитлершілердің қасап лагерлерінде азаппен жан қиғандардың, соғыстың алғашқы айларында фашистердің айбарлы танктерімен күрқол алысқандардың қанымен жазылған қастерлі 3-томдық «**Боздақтар**» кітабы.

Кітап Ұлы Жеңістің 50 жылдық мерекесіне арналады. Бұл кітапқа Отан үшін жан пида болған қарағандылық жауынгерлер есімдері жазылған.

Кітапты даярлау жұмысы КОКП Орталық Комитеті секретариатының 1989 жылғы 17 қаңтардағы қаулысына сәйкес басталды. Қарағанды облыстық «Боздақтар» кітабын жасауға Ұлы Отан соғысының ардагері- И.Е.Грунсконой жетекшілік етті. Ынтагер жұмыс тобы құрылып, ол кітапты даярлау жөніндегі барлық қиындық пен қамқорлықты өз мойнына алды.

Соғыстан оралмаған жауынгерлердің аты-жөнін қалпына келтіру, хабар-ошарсыз кеткен дегендердің тағдырын анықтау үшін алда ұлан-ғайыр жұмыс тұрды.

Осы жұмысты орындауға жұртшылық, мектеп оқушылары, студенттер, жастар ұйымдарының мүшелері қатыстырылды.

Дегенмен, барлық жауынгерлердің тағдырын анықтау мүмкін болмады. Соңғы оқ атылғаннан бері өте көп уақыт өтті. Издестіру жұмыстары жалғасуда.

«Боздақтар» кітабында оқырмандардың жауынгерлер құрбан болған жорықтардың сипаты жөнінде қарапайым болса да түсінік алуы көзделді. Жауынгерлік операциялар туралы қысқаша очерктен кейін осы операцияларда қаза болғандардың тізімі келтірілді. Онда қаза болған жауынгер туралы қысқаша болса да туған жылы, әскерге шақырылған жері, қай күні, қай жерде қаза болып, жерленгені көрсетілген.

Кітап көпшілік жұртшылыққа арналған.



«**Қаһарман қарағандылықтар. Герои-карагандинцы**» атты кітап 2000 жылы Қарағанды маңызды білім беретін «Болашақ» институты «Болашақ-Баспа» редакциялық-баспа бөлімінен басылып шықты.

Ұлы Жеңістің 55 жылдығы қарсаңында жарық көрген кітап, аты айтып тұрғандай, отты жылдарда Отан үшін қан кешіп, ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсеткен ерекше жандар - Кеңес Одағының Батырлары мен Даңқ оденінің толық игерлері өмірбаянынан түзілген. Жалпы, Қарағанды топырағынан түлеген майдангерлер ішінде Кеңес Одағының 32 Батыры, Даңқ орденінің 10 толық иегері болған екен.

Кітапта осынау үркерей топтың өнегеге толы өмір жолы, ерлік істері жан-жақты баян етілген. Соғыс жылдарының сұрапыл суреттерін. Қан құйлы көріністерін көз алдыңызға әкеледі. Сол кезеңге ойша оралғандай, сонарлағандай әсер береді. Жинақ сирек, тарихи фотосуреттермен, ескерткіштермен безендірілген.

Кітаптың өн бойынан ел басына күн туған зауал заманда құзғын жауға тайсалмай қарсы тұрып, ынтымақ пен бірліктің үлгісін танытқан, бейбіт өмірді жанқиярлықпен қорғап қалған ардақты азаматтарға, ардагерлерге деген Құрмет. Тағзым лебі еседі.

Кітап көпшілік қауымға арналған.



Е.Лұқпанов пен Мағауия Сембаевтың «**Жауынгер қыздар**» атты очерктер жинағы (Қарағанды, 1995) Батыстан тиген жауға қарсы тұрып, перзенттік парыздарын адал атқарған қарағандылық жауынгер қыздардың майдандағы және бейбіт еңбектегі кейінгі ұрпаққа үлгі болар ұлағатты өмір жолдары нақты деректерге сүйене отырып баяндалған шығарма. Бұл кітап соғысқа қатысушылардың ерлік істері жайынан нақты деректер беруімен құнды.

Көзге елестетіп көріңізші: 17-ден жаңа ғана асқан, шағын бойлы, салмағы 50 кило да тартпайтын мектеп шәкірті анасын, әпке-сіңілілерін, бауырларын үйде қалдырып, әскер қызметіне кетіп барады. Отанды қорғауға жеке үлесімді қосам дейтін жастық жалын осы болар, сірә! Әскери комиссариаттан майданға жіберуді талап еткен 50 ерікті қыздарымыздың бәрі де осынау ғажайып қасиеттің иесі.

Осынау құнды да сирек кітап авторлары біздің тамаша жерлестеріміздің соғыстан кейінгі тағдырларын зерттеуге де айтарлықтай еңбек сіңірген. Олардың біразы қазір де Қарағандыда

тұрып жатыр, тамаша еңбек жолдарынан өткен, өз ортасында зор құрмет-беделге ие болған жандар шетінен.

Осы қарағандылық жауынгер қыздар туралы очерктер циклін жазуға мұрындық болған облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакторы, марқұм Тілеухан Жүсіпов.

Бұл кітап жастарға және көпшілік оқырман қауымға арналған.



Қасым Аманжоловтың 90 жылдығына орай шығарылып отырған екі томдық жинақ Алматы қаласынан 2001 жылы жарық көрді. Бұл жинаққа ақынның таңдамалы өлеңдері, поэмаларымен бірге кезінде мерзімді баспасөз беттерінде жарық көргенімен бұрынғы кітаптарына енбей қалған бірсыпыра өлеңдері енгізілген.

Ақын таланты Ұлы Отан соғысы майданында толысты. Ол қазақ әдебиетіндегі әскери лириканы туғызып, қалыптастырып, жетілдіру жолында үлкен мектептен өтті. Оның өлеңдерінің лирикалық кейіпкері - қан кешіп, қыршын жастарды асап жатқан соғыс-аждаһаның аузында жүрген солдат. Ақын оның басынан кешкендері, сезімі, ойы, арқылы адамға тән төзімділікті, қайсарлықты, ерлікті паш етеді.

Солдат бойындағы қайсарлық, қажыр, төзімділік сыры оның елге хат түрінде жазған өлеңдерінің («Елге хат», «Ғалияға», «Қалмақанға» т.б.) бәрінде де бар. От шайнаған ақын-солдаттың ішінде жанар таудай жыр жатқанын да осы хаттар жеткізеді.

Бұл тұстағы эпикалық поэзияда аса биік бағаланатын шығарма – Қасымның «Ақын өлімі туралы аңыз» атты поэмасы. Бұл - соғыстың қызу кезінде, майдан даласында туған шығарма. Оған Қасымның ақын жолдасы А.Жұмағалиевтің ерлік өлімі оқиғалары себеп болған. Қасым кейіпкерінің ерлік ісін лирикалық-романтикалық сарында, жалынды ақындық пафоспен, үлкен сезімталдықпен жырлайды.



Әлжаппар Әбішевтің «Замана перзенттері» кітабы 1961 жылы Алматы қаласында қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан шықты.

Бұл кітапқа драматург жазушының белгілі «Жас түлек» романы, «Саржан» повесі енді.

Соғыс жылдары оқырмандарға жол тапқан романдардың бірі - «Жас түлектер» романы. Мұнда Қарағанды шахтерлерінің ерен еңбегі әңгіме арқауына айналған. Жас кен инженерлері Сәуле, Нұрлан, қарт шахтерлер Мирон, Тайман, Қазыбек т.б. кейіпкерлер арқылы жазушы кезең шындығын көрсетуге ұмтылады. Яғни тылдағы еңбек адамдарының ерлігін бейнелейтін материалдарды өзіне таныс Қарағанды шахтерлерінің ортасынан іздеді. «Саржан» повесінде кеңес жауынгерлерінің жеңіске деген нық сенімі мен патриоттық рухы шынайы бейнеленеді.

Бұл кітап соғысқа қатысушылар мен тыл еңбеккерлерінің ерлік істері жайынан нақты деректер беруімен құнды.

«Замана перзенттері» кітабы барлық оқырман қауымға арналған.



Баубек Бұлқышевтың «Адамзатқа хат» шығармаларының жинағы Алматы қаласында 1977 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрді.

Б.Бұлқышевтың бұл кітабына оның бұрын жарық көрмеген шығармаларымен қатар газет-журнал беттерінде жазушының көзі тірі кезінде жарияланған публистикалық туындылары топтастырылған. Бұл кітаптан «Заман біздікі», «Өмір мен өлім туралы», «Тыңда, Кавказ», «Өмір сүргім келеді», «Шығыс ұлына хат», «Жауыздық пен махаббат» сияқты мақалалары енгізілген.

Б.Бұлқышевтың отты толғамдарын оқығанда, өрімдей жас жігіттің парасаттылығына, туған ел мен жерге деген соншалық құштарлығына, ерен махаббатына тәнті боласыз. Баубектің туған елі мен жерінің тағдырын ойлап тебіренген телегей сезімі, ертеңді ойлап аласапыран күй кешуі оның алдымен ойлылығын, сосын батылдығын көрсетеді. Жазбаларынан оқып көрейік.

«Менің жастығым адам баласының қызметіне берілді. Мүмкін, мен жастығымды қайыра алмаспын. Бірақ ол босқа кетпейді, менен кіші інілерімнің еншісіне тиеді. Кейінгі жастар, жас інілерім, сендер бақытты жансыңдар. Сендер соғыс дегенді білмей өтетін боласыңдар. Біз жастығымызды сендердің бақыттарыңның жолына құрбан еттік. Сендер өмірде бақытты жасайтын боласыңдар». Бұл жолдарды Баубектің 1942 жылы сәуірдегі толғанысы деп білеміз.

Жинақтан отан үшін кеудесін оққа тосқан батырларымыз, қыршынынан қиылған қаншама боздақтарымыз туралы оқи аламыз. Алдыңғы толқын аталарымыз бен әжелеріміздің асқан ерлікке толы жолы кейінгі ұрпаққа үлгі өнеге. Бостандық жолында шейіт болғандарға тағзым ету тірілердің борышы.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» викторина.

- Қарағанды облысы майданға қанша адам жіберді?
(45 мыңға жуық адам)
- Кеңес Одағының батыры, өшпес ерлік көрсеткен батыр?
(Нүркен Әбдіров)
- Қарағандылық ақын, «Елге хат» өлеңінің, «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасының авторы. Қарқаралы ауданының бір кеңшары осы кісінің есімімен аталады.
(Қасым Аманжолов)
- Біздің жерлесіміз, әскери-тілші, 1942-43 жылдары «Комсомольская правда» газетінің беттерінде жарық көрген «Шығыстың ұлына хат», «Өмір мен өлім туралы» деген жарқын мақалалардың авторы.
(Баубек Бұлқышев)
- 1943 жылы болған ақындар айтысына қандай белгілі ақындар қатысты?
(Доскей Әлімбаев, Шашубай Қошқарбаев, Қайып Айнабеков)
- 1944 жылы Теміртау қаласында қандай өндіріс орны қосылды?
(Металлургия зауыты)
- Қарағандылықтар майданға қандай көмектер көрсетті.
- Қарағанды-қаһармандарының есімдерін ата.

Мазмұны:

| | |
|---|----|
| Оқырманға | 3 |
| Олар Отан үшін шайқасты | 4 |
| Нұркен Әбдіров | 7 |
| Мартбек Мамыраев | 10 |
| Қазыбек Нұржанов | 11 |
| Амантай Дәулетбеков | 12 |
| Мүтәш Сүлейменов | 13 |
| Тиышбек Аханов | 14 |
| Мәлік Имашев | 14 |
| Тылда да тынымсыз еңбек етті | 15 |
| Ұлы Отан соғысы жылдардағы қарағандылық ақын, жазушылар | 17 |
| «Есімде отты жылдар белестері» әдебиеттерге шолу | 18 |
| «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» викторина | 21 |

Құрастырушы: Өлкетану бөлімінің кітапханашысы
С.О.Телпекбаева

Басып шығаруға жауапты: Н.В.Гоголь атындағы ОҒӘК
директоры Ж.К.Шаймұханбетова

Қарағанды облысы Ұлы Отан соғысында: Әдістемелік-библиогр. материалдар /
Қарағанды обл. ғылыми-әмбебап кітапханасы; Құраст.: С.О.Телпекбаева.- Қарағанды: б.ж.,
2005.22 б.: сурет.- (ОҒӘК өлкетану ресурстары – жастарға; 3 бас.).
Таралымы 40 дана.

©Қарағанды облыстық Гоголь атындағы ғылыми-
әмбебап кітапханасы, 2005 ж.

©Телпекбаева Сандуғаш Орынбайқызы, 2005 ж.